

"Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 29 ақпандағы № 214 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 38 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 3 қазанда № 5089 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 53 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 14.09.2023 № 53 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 - бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 29 ақпандағы № 214 "Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4821 тіркелген, 2016 жылдың 14 сәуірінде "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Байғанин аудандық мәслихатының
сессия төрағасы
Е. Илиясов*

*Байғанин аудандық мәслихатының
хатшысы
Б. Турлыбаев*

*Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды
үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасының басшысының
міндетін атқарушы*

К. Утаров

Аудандық мәслихатының
2016 жылғы 6 қыркүйектегі
№ 38 шешіміне қосымша
Аудандық мәслихаттың
2016 жылғы 29 ақпандағы
№ 214 шешімімен бекітілді

Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары

1. Осы Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Байғанин ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қиын жағдай – азаматтың тыныс тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Байғанин аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы "коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалы – "Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы" Департаментінің Байғанин аудандық бөлімшесі;

9) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік–аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

11) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты – шартты ақшалай көмек алу үшін отбасы атынан әрекет ететін еңбекке қабілетті жеке тұлға мен уәкілетті орган арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім;

12) шартты ақшалай көмек (бұдан әрі – ШАК) – отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарт талаптары бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан төмен жеке тұлғаларға немесе отбасыларға мемлекет беретін ақшалай нысандағы төлем;

13) осы Қағидалардың 9–қосымшасына сәйкес отбасыға көмектің жеке жоспары (бұдан әрі – жеке жоспар) – уәкілетті орган өтініш берушімен бірлесіп әзірлеген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) әлеуметтік бейімдеу бойынша іс–шаралар кешені;

14) әлеуметтік бейімдеу шаралары – әлеуметтік ортаның шарттарына қалыптасу мақсатында, қолданыстағы заңнамаларда қарастырылған тәртіппен көрсетілетін, арнаулы әлеуметтік қызметтер, мүгедектерді оңалту құралдары, сондай–ақ жергілікті бюджет қаражаты есебінен қарастырылған (тұрғын үй көмегі, жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек) әлеуметтік қолдаудың өзге де шаралары.

3. Осы Қағидалар Байғанин ауданында тұрақты тұратын адамдарға қолданылады.

4. Әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына "Байғанин аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен және осы Қағидалармен белгіленген тәртіпте көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

6. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

Жеңіс күні – 9 мамыр;

Отбасы күні – қыркүйектің екінші жексенбісі;

Мүгедектер күні – қазан айының екінші жексенбісі.

Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстың ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері

8. Ай сайынғы әлеуметтік көмек табыстарын есепке алмай көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызметтерге, 8000 (сегіз мың) теңге мөлшерінде;

2) мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу үшін мүгедек балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне, білім беру кезеңіне бір мүгедек балаға, 1 (бір) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде "Байғанин аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің берген тізімдеріне сәйкес;

3) аз қамтылған отбасыларға, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы алатындарға 1 (бір) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде "Байғанин аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің тізімі негізінде;

4) онкологиялық аурулардан зардап шегетін азаматтарға, адамның иммуножетіспеушілік вирусы инфекциясын жұқтырғандарға және туберкулездің әртүрлі түрімен ауыратын науқастарға, ай сайын ұсынылатын "Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Байғанин аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны берген тізімдерге сәйкес, жылына алты айға дейінгі амбулаториялық ем алу мерзіміне 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне, I, II, III топтағы мүгедектерге, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға және оларды ертіп жүруші

тұлғаларға, "Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – облыстық денсаулық сақтау басқармасы) жолдамасы бойынша емделуге төленетін жол шығындарын өтеу үшін.

Әлеуметтік көмек, егер жоғарыда аталған тұлғалар толық мемлекет қарауында болмаған жағдайда көрсетіледі.

9. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде, не оның мүлкіне зиян келтіру нәтижесінде келтірілген шығындарға байланысты төмендегі мөлшерде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне 150 000 (жүз елу мың) теңгеге дейінгі шекте;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 100 000 (жүз мың) теңгеге дейінгі шекте;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 80 000 (сексен мың) теңгеге дейінгі шекте;

4) зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

5) мүгедектерге, оның ішінде 18 жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған адамдарға, 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

6) саяси қуғын–сүргін құрбандары, саяси қуғын–сүргіндерден зардап шеккен адамдарға 50 000 (елу мың) теңгеге дейінгі шекте;

7) көп балалы отбасыларға 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

8) жетім балаларға, ата–анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйінің түлектеріне 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

9) аз қамтылған азаматтарға 60 000 (алпыс мың) теңгеге дейінгі шекте;

10) онкологиялық аурулардан зардап шегетін азаматтарға, адамның иммуножетіспеушілік вирусы инфекциясын жұқтырғандарға және туберкулездің әртүрлі түрімен ауыратын науқастарға 80 000 (сексен мың) теңгеге дейінгі шекте.

10. Өмірлік қиын жағдайлардағы азаматтарға, әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмектен басқасы, егер жолыққан сәттің алдындағы тоқсанда отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы Ақтөбе облысы бойынша төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінен 1 еседен аспаса әлеуметтік көмек көрсетіледі (кірісі есептелмей әлеуметтік көмек көрсетілетін Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектерін қоспағанда).

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне өмірлік қиын жағдай туындаған кезде, әлеуметтік көмек олардың табысын есепке алмай көрсетіледі.

Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаж азаматтардың санаттарының қатарына жатқызу үшін төмендегілер:

1) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген негіздемелер;
2) табиғи зілзаладың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурудың болуы;

3) жан басына шаққандағы орташа табыстың, өмірлік қиын жағдай туындауына байланысты біржолғы әлеуметтік көмек тағайындау барысында ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1–еселік мөлшерінен аспауы және әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсету үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 0,6 мөлшерінен (күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан) аспайтын болуы негіздеме болып табылады.

11. Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қиын жағдайлар туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініштерді қарау мерзімі:

өмірлік қиын жағдайлар туындаған сәттен бастап алты айдан кеш емес.

12. Атаулы күндер мен мерекелік күндерге табыстарын есепке алмай біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі:

Жеңіс күніне орай:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына және мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

3) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде;

4) мемлекеттік арнайы жәрдемақы алатын 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамыры аралығында кемінде алты ай әскери қызмет өткерген және тылда жұмыс жасаған азаматтарға 15 000 (он бес мың) теңге мөлшерінде;

5) мүгедек деп танылмаған, екінші рет некеге отырмаған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысушылардың әйелдеріне (күйеулеріне) 25000 (жиырма бес мың) теңге мөлшерінде;

6) қайтыс болған ауғандық жауынгерлердің екінші рет некеге отырмаған әйелдеріне 25000 (жиырма бес мың) теңге мөлшерінде;

7) Отбасы күніне орай мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылардың ішінде 18 жасқа дейінгі бала тәрбиелеп отырған аз қамтылған отбасыларға 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде;

8) Мүгедектер күніне орай мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы мүгедектерге 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде.

13. Осы Қағидалардың 10–қосымшасына сәйкес әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмек, адамның (отбасының) жан басына шаққандағы айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан аспайтын, отбасының еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің (адамның)

жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысуы және қажет болған жағдайда, еңбекке қабілеттілерін қоса алғанда, отбасы мүшелерінің (адамның) әлеуметтік бейімделуден өтуі шартымен, отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартына (одан әрі әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмек) отырған жағдайда беріледі.

14. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін, әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмектен басқасын, арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

15. Отбасының әрбір мүшесіне (адамға) арналған әлеуметтік келісімшарт негізінде төленетін әлеуметтік көмектің мөлшері отбасының (адамның) жан басына шаққандағы табысы мен ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Отбасының құрамы өзгерген жағдайда, сондай-ақ отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартына отыру кезіндегі көрсетілген табыстарды ескере отырып, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуді тоқтатқан жағдайда, ШАК мөлшері көрсетілген мән-жайлар орын алған кезден бастап, бірақ оны тағайындаған кезден кейін ғана қайта есептеледі (мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушылар табыстарын растамайды, ШАК, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін көрсетілген табыстарын ескере отырып тағайындалады.)

3. Әлеуметтік көмекті көрсету тәртібі

16. Атаулы күндер мен мерекелік күндері әлеуметтік көмек алушылардан өтініш талап етілмей, аудандық әлеуметтік көмектерді тағайындау және төлеуді қамтамасыз ететін уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың, ЖАО бекіткен тізімі бойынша көрсетіледі.

Азаматтардың кейбір санаттарының әр түрлі атаулы күндер мен мерекелік күндері (санатына байланысты) әлеуметтік көмек алуға құқығы болған жағдайда әлеуметтік көмектің бір түрі көрсетіледі (көлемі бойынша үлкені).

17. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе қала, ауылдық округтің әкіміне мынадай құжаттарды қоса жалғай отырып өтініш береді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігін растайтын құжат;
- 3) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтер;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер;
- 5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын акті немесе құжаттар;

6) банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжат.

18. Осы Қағидалардың 8 тармағының 1), 4) тармақшаларында көрсетілген адамдарға ай сайынғы әлеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей көрсетіледі, 8 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адамдар өтінішке қоса мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) әлеуметтік жағдайын растайтын құжат;
- 3) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат;
- 4) мүгедек баланы үйде оқитындығын растайтын анықтама (мүгедек балалар үшін);
- 5) психологиялық – медициналық – педагогикалық кеңестің қорытындысы (мүгедек балалар үшін);
- 6) жол жүру фактісін растайтын билеттер;
- 7) облыстық денсаулық сақтау басқармасының жолдамасы және дәрігерлік анықтама;
- 8) банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжат.

19. Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

20. Әлеуметтік келісімшарт негізінде әлеуметтік көмек алу үшін жолыққан отбасына (адамға) уәкілетті орган, қала, ауылдық округ әкімі не ассистент кеңес беру деңгейінде көмектің көрсету шарттары туралы түсінік береді және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартына отыруға келісім берген жағдайда азаматпен, отбасының (азаматтың) мәселесі туралы, оның өмірлік қиын жағдайдан шығу мүмкіншілігі туралы мәліметті анықтайтын әңгімелесу жүргізеді.

Әңгімелесу жүргізу кезінде:

- 1) үміткердің өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты немесе әлеуметтік келісімшарт негізінде әлеуметтік көмек алу құқығы;
- 2) әлеуметтік бейімдеу бойынша көрсетілетін шаралар түрлері;
- 3) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шаралары айқындалады.

Әңгімелесу нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 2–қосымшаға сәйкес әңгімелесу парағы және 3–қосымшаға сәйкес арызданушының отбасы және материалдық жағдайы туралы сауалнама толтырады, оған мынадай құжаттар қоса беріледі;

- 1) осы Қағидалардың 7–қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) осы Қағидалардың 1–қосымшасына сәйкес нысан бойынша отбасы құрамы туралы мәліметтер;

4) отбасы мүшесіне (қажет болған кезде) қамқоршылықтың (қорғаншылықтың) белгіленгендігін растайтын құжат;

5) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат немесе мекенжай анықтамасы;

6) осы Қағидалардың 6–қосымшасына сәйкес нысан бойынша жеке қосалқы шаруашылығының бар – жоғы туралы мәліметтер;

7) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер.

21. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге және әлеуметтік келісімшарт негізінде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе қала, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

22. Учаскелік комиссия, құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 3, 4, 5–қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе қала, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Қала, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

23. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

24. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

25. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе қала, ауылдық округ әкімінен өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

26. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

27. Осы Қағидалардың 8–қосымшасына сәйкес уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап

сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 23 және 24 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе қала, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

28. Әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмек алуға үміткер отбасының (адамның) жан басына шаққандағы орташа табысы, әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінген айдың алдындағы үш айдағы алынған жиынтық табысты отбасы мүшелерінің санына және үш айға бөлу арқылы есептеледі және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын мерзім ішінде қайта қаралмайды.

29. Осы Қағидалардың 11–қосымшасындағы нысандар бойынша уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

30. Әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмек отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын мерзімге беріледі және ай сайын немесе үміткердің өтініші бойынша үш ай үшін бір мезгілде төленеді.

Әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін әлеуметтік көмектің біржолғы сомасы бұрынғы қарыздарды өтеуге, тұратын жылжымайтын мүлік сатып алуға, сондай-ақ сауда саласындағы қызметтерді жүзеге асыруға арналған шығындардан басқа, әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттерді орындауға байланысты іс-шараларға ғана, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға (үй малын, құсын және басқаларын сатып алу), жеке кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға қолданылуы тиіс.

31. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін Байғанин аудандық мәслихаты белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

32. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданның бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау

33. Әлеуметтік келісімшарт негізінде әлеуметтік көмек алу құқығы айқындалғаннан кейін уәкілетті орган өтініш берушіні және (немесе) оның отбасы мүшелерін отбасына көмектің жеке жоспарын отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау үшін шақырады.

Бұл ретте осы Қағидалардың 35 тармағында қарастырылған жағдайды I және II топтағы мүгедектерді, күндізгі оқу бөлімінің оқушыларын, студенттерін, тыңдаушыларын, курсанттарын және магистранттарын қоспағанда жұмыссыздар мен өзін-өзі еңбекпен қамтушылар арасынан үміткерлерді бір жұмыс күні ішінде жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысу үшін жұмыспен қамту Орталығына жолдайды немесе Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңы негізінде жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын өзге де шараларға жолдама береді.

34. Отбасының (азаматтың) кәсіптік және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі, аз қамтылған азаматтардың өмір деңгейін көтеру үшін іс-шараларын қамтуды көздейтін жеке жоспар, өтініш берушімен және (немесе) оның отбасы мүшелерімен бірлесіп жасалады, атап айтқанда:

1) жұмыспен қамту Орталығы және (немесе) уәкілетті органның ықпалымен белсенді түрде жұмыс іздеу, және олардың ұсынған жұмыс орнына жұмысқа орналасу;

2) кәсіби даярлықтан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан өту;

3) жеке кәсіпкерлік қызметін дамыту, жеке қосалқы шаруашылығын жүргізу;

4) халықтың мақсатты топтарына кезеңдік скринингтік тексеруден өтуге;

5) отбасы құрамында жүкті әйелдердің болғаны жағдайында, жүктіліктің 12 аптасына дейін әйелдер консультациясына тіркеуге тұру және жүктіліктің барлық кезеңінде бақылауда болу;

6) әлеуметтік мәні бар аурулары (маскүнемдік, нашақорлық, туберкулез) болған жағдайда ерікті емделуге;

7) мүгедектерді оңалту шараларын және (немесе) арнайы әлеуметтік қызметтерді уақытылы алуға;

8) аз қамтылған отбасының (азаматтың) жеке қажеттілігіне орай уәкілетті органның шешімі бойынша анықталған басқа да кәсіби және әлеуметтік бейімдеу

35. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің шараларына қатысу отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін міндетті шарт болып табылады, келесі жағдайларды қоспағанда:

стационарлық, амбулаторлық емделу (тиісті медициналық ұйымдардан растайтын құжаттар ұсынған кезде) кезеңінде;

жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысатын негізгі үміткерден (үміткерлерден) басқа, адамдардың жеті жасқа дейінгі балаға, он сегіз жасқа толмаған мүгедек балаға, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж I, II топтағы мүгедектерге, сексен жастан асқан қарттарға.

36. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты алты айға, бірақ отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделуін ұзарту қажет болған және (немесе) отбасының еңбекке қабілетті мүшелері кәсіптік оқуын аяқтамаған және (немесе) жастар практикасынан өткен және (немесе) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтылған жағдайда бір жылдан асырмай тағы алты айға ұзарту мүмкіндігімен жасалады.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты ұзартылған жағдайда, әлеуметтік көмектің мөлшері қайта қаралмайды.

37. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты екі данада жасалады, оның біреуі өтініш берушіге тіркеу журналына қол қойғызып беріледі, екіншісі – уәкілетті органда сақталады.

38. Отбасының белсенділігін арттыру бойынша әлеуметтік келісімшарттағы міндеттердің орындалуына мониторингті оны жасаған мекеме жүргізеді.

39. Уәкілетті орган отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарттың барлық мерзіміне сүйемелдеп отырады және жеке жоспардың орындалуын қадағалайды, сондай-ақ оның тиімділігіне бағалау жүргізеді.

5. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

40. Әлеуметтік көмек келесі жағдайларда тоқтатылады:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Байғанин ауданы аумағынан тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталғанда.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

41. Бұл ретте дәйексіз мәліметтерді келтіріп заңсыз әлеуметтік көмек тағайындауға әкелгені анықталған жағдайда, әлеуметтік көмек төлеу тағайындалған тұлғаға (отбасына) белгіленген кезеңге тоқтатылады. Артық төленген сомалар ерікті қайтаруға жатады, бас тартқан жағдайда – сот арқылы.

6. Қорытынды ереже

42. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің немесе "Әлеуметтік көмек"

автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізіледі.

Аудандық мәслихаттың
2016 жылғы 6 қыркүйектегі
№ 38 шешіміне 1 қосымша

Отбасының тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

_____ (Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты) (үйінің мекенжайы, телефоны)

№	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған жылы

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____

Отбасы құрамы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты _____

(қолы)

Аудандық мәслихаттың
2016 жылғы 6 қыркүйектегі
№ 38 шешіміне 2 қосымша

Шартты ақшалай көмек алуға қатысуға арналған әңгімелесу парағы

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты _____

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманының тегі, аты, әкесінің аты _____

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізінде шартты ақшалай көмек алуға жүгінген күн _____

Отбасының (жалғыз тұратын азаматтың) сипаттамасы:

Отбасы мүшелері	Кәсібі	Соңғы жұмыс орны, жұмыстан шығу себептері	Жалпы жұмыс өтілі	Соңғы жұмыс орнындағы жұмыс өтілі	Еңбек дағдылары мен шеберлігі	Жұмыссыздық кезеңінің ұзақтығы

Өтініш беруші						
Зайыбы (жұбайы)						
Басқа ересектер						

Еңбек қызметінің мүмкіндіктері (пікір):

Өтініш беруші: _____

Зайыбы (жұбайы): _____

Отбасының басқа да ересек мүшелері: _____

Отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас _____

Отбасындағы қиындықтар _____

